

**«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген
«Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалардың, ерте жүктіліктің келеңсіз жағдайлардың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбындағы жиынының**

Хаттамасы №

Жетісай қаласы

Өтілген мерзімі: 11.11.2025ж. сағ:16³⁰

Өтілген орны: Мектептің мәжіліс залы.

Қатысқандар: 7-8- 9-10-11 сынып оқушылары.

1. «Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» КММ-нің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Нурмағанбетов
2. Жетісай ауданының орталық ауруханасының әйелдер кеңесі бөлімінің меңгерушісі Абзейтова Ақшақыз Абдикаликовна
- 3.Жетісай ауданының «Дарын» мектеп- интернаты КММ-нің педиатр дәрігері Тажен Гулназ Абдірқызы
- 4.«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты»КММ-нің мекемесінің медбикесі Шериева Гулзат Турдыбаевна
- 5.Әлеуметтік педагог: Байбосынова Лаззат Абдиманаровна
6. Педагог психолог Рахимова Бибігүл Сапаровна

Күн тәртібінде:

1. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары
2. Ерте жүктілік – әлеуметтік мәселе ретінде
- 3.Зорлық-зомбылық пен жыныстық тиіспеушілік: құқықтық және моральдық жауапкершілік
4. Психологиялық көмек және қолдау көрсету жолдары
5. Сұрақ-жауап, пікір алмасу

Тыңдалды:

«Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалардың, ерте жүктіліктің келеңсіз жағдайлардың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында, жастар мен жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің келеңсіз жағдайлардың алдын алу мектепшілік пікір алмасу жиыны өткізілді. Пікір алмасу сағатын мектебіміздің ДТІЖО Нұрмағанбетов Нұрлыбек ағай қазіргі қоғамда жастар мен жасөспірімдер түрлі әлеуметтік, психологиялық және құқықтық қиындықтарға жиі тап болуда. Атап айтқанда, аутодеструктивті мінез-құлық, ерте жүктілік, зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушілікке қол сұғу сияқты мәселелер күн тәртібінен түспей отырғанын айтып өтті. Бүгін қонаққа келген Жетісай ауданының орталық аурухана әйелдер кеңесі бөлімінің меңгерушісі Абзейтова Ақшақыз Абдикаликовнаны таныстырды.

Бүгінгі қаралатын мәселе бойынша Жетісай ауданының орталық аурухана әйелдер кеңесі бөлімінің меңгерушісі Абзейтова Ақшақыз Абдикаликовна ерте жүктілік жасөспірімнің болашағына кері әсер ететінін, бұл – медициналық, психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан күрделі мәселе екенін, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің, келеңсіз жағдайлардың болмауы жөнінде айтып, қыз бала гигиенасы жеке бас гигиенасының бірінші ережесі тазалық екенін түсіндірді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік екенін, репродуктивті денсаулық туралы білімдерін кеңейтті, сенімді орталар құру керектігін ата-аналар, мұғалімдер, дәрігерлермен байланыс жасау, жауапкершілік пен өзіне деген құрметті білу керек екенін айтып өтті. Кәмелеттік жасқа жетпеген қыздардың ар-ұятын сақтап жүру керектігі, жүкті болуы әртүрлі қауіптер

туғызатынын. Жасөспірімнің организмі де, гармоналдык жүйелері де толық жетілмегендіктен нәрестенің дұрыс дамып-жетілуіне, тіпті түсік тастауына әсер ететінін. Өртүрлі жыныс жолдарымен тарайтын ауруларға шалдығуы мүмкін екенін және оның соңы бедеулікке апаратынын айтып өтті. Ерте жүктілік пен оның салдары туралы әлеуметтік-психологиялық тұрғыда кеңес берілді. Оқушылар Жетісай ауданының орталық аурухана әйелдер кеңесі бөлімінің меңгерушісі Абзейтова Ақшақыз Абдикаликовнаға сұрақтар қойып, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Жетісай ауданының «Дарын» мектеп- интернаты КММ-нің педиатр дәрігері Тажен Гулназ Абдірқызы қыз баланың жыныстық жетілуі және гигиенасы, жыныстық жетілеуі дұрыс өтуі үшін ережелерін, ерет жүктілік деген не?, ерте жүктіліктің қауіп қатері жөнінде айтып өтті.

Мектеп психологы Рахимова Бибігүл апай жасөспірімдердің бойындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың себептері мен белгілерін түсіндіріп, оқушыларға стрестен шығу, эмоцияны басқару жолдарын көрсетті.

Келесі кезекте Әлеуметтік педагогы Л.А.Байбосынова оқушыларға қазіргі қоғамдағы жасөспірімдерге төнетін қауіптер, соның ішінде өз-өзіне зиян келтіру, ерте жүктілік, зорлық-зомбылық жағдайлары туралы кеңінен мәлімет берді. Іс-шара барысында жасөспірімдерге жоғарыда аталған қауіптердің алдын алу үшін ашық қарым-қатынас, қолдау мен құқықтық сауаттылықтың маңыздылығы түсіндірілді. Психологиялық көмек алуға болатын мекемелердің байланыс нөмірлері таратылды. Қыз баланың табиғатына тән, мәдениеттілігі, әдебі, өз абыройын сақтау керектігін айтты. Оқушыларға жаман істерден сақ болуын айтты. Жасөспірімдерге қиын жағдай туындаған сәтте кімге және қайда жүгіну керектігі жөнінде толық ақпарат берілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрмағанбетов Нұрлыбек ағай оқушыларға ойланбай жасалған әр әрекеті үшін кез келген адам Заң алдында жауапты екенін ұмытпауы керек. Қазіргі заманда білімге көп мән беру керек жөнінде айтты. Бейне тақтада «Қызым саған айтам», «Ерте жүктілік» деген тақырыпта бейнеролик көрсетілді, оқушылар адам денсаулығы туралы баспасөз беттерінен оқығандарын және теледидардан көргендері бойынша өздерінің ойларын айтты. Оқушылар тазалық, адам денсаулығына қатысты өте дұрыс пікірлер айтып, өз ойын ортаға салып, белсенділік танытты.

Төмендегідей мәселелер қаралып, қаулы етеді:

1. Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалардың, ерте жүктіліктің келеңсіз жағдайлардың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.
2. Мектебімізде қандай да бір жат іс-әрекетін байқалған жағдайда мектеп басшыларына хабардар етілсін.

ДТІЖО:

Медбике:

Әлеуметтік педагог:

Педагог психолог:

Н.Нұрмағанбетов

Г.Шеримова

Л.Байбосынова

Б.Рахимова



